



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

•7M01901-инклюзия бойынша арнайы мамандарды даярлау

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЫҢ МАҚСАТЫ

Бәсекеге қабілетті білім беру ортасында жоғары академиялық стандарттарға сәйкес инклюзия аймағында білімдерді меңгерген, азаматтық көзқарасы бар, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шеше алатын, арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде педагогикалық, ғылыми зерттеу жұмысын және басқару іс әрекетін жүзеге асыра алатын магистрлерді даярлау.

КӘСІБИ ІС - ӘРЕКЕТІНІҢ АЙМАҒЫ

- білім беру;
- тәрбиелік;
- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- әлеуметтік-коммуникативті.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕР I(ОН)

ОН1- ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру аймағындағы заманауи ғылыми парадимасындағы білімдерін , арнайы педагогикалық -психологиялық зерттеулердің әдіснамалық қағидалары мен әдістемелік қағидаларын көрсетеді;

ОН2–заманауи білім беру парадигмасына байланысты педагогикалық ғылымды дамыту бағыты мен жұмыстағы жаңа концептуальды идеяларды түсініп, қолданады.

ОН3- арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеулердің әдістері мен әдістемесін меңгерген, педагогиканың негізгі ғылыми концепцияларын ғылым мен қоғамды дамытудың жалпы мәселелерімен сәйкестендіре алады;

ОН4–арнайы және инклюзивті білім беру үшін әдістемелік материалдарды жасап, инновациялық, түзетушілік білім беру үрдісін оптимизациялау үшін инновациялық, соның ішінде ақпараттық технологияларды жасайды;

ОН5– ерекше оқытуды қажет ететін балаларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда(басқару, ғылыми –зерттеушілік, ғылыми білім беру, бұқаралық т.б) сәйкес функциональды міндеттерін шешеді;

ОН6– ерекше оқытуды қажет ететін балалардың мәселелері туралы және олардың құқықтарын жүзеге асыруға қоғам санасын жоғарылату бойынша іс- әрекетті жүзеге асырады;

ОН7–халықаралық ғылыми бірлестікті дамытуға және орнатуға , өзекті түзетушілік педагогикалық міндеттерді шешу барысында әлеуметтік серіктестермен (соның ішінде шетелдіктермен) өзара әрекетті ұйымдастырады;

ОН8- арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінің педагогикалық жұмысшылары мен ғылыми - педагогикалық кадрларын даярлау аймағында заманауи білім беру саясатының басымдықтары туралы білімдерін көрсетеді.